

қындау әрекеттері - психолологиялық әрекеттер. Сөз мағынасындағы алуан түрлі құбылыстар, сөздердің келтірінді мағыналарда қолданылуы т.б. қасиеттер психологияның ассоциация заңына негізделеді.

Психологияның мақсаты - адамдардың психикалық әрекеттерінің объективтік заңдарын, адамның ой-санасын, психикалық қасиеттерінің қалыптасып, даму жолдарын айқындау. Ал психикалық құбылыстарға сезу, қабылдау, түсіну, ойлау, байымдау, қиялдау сияқты іс-әрекеттер жатады. Бұлардың барлығы да мидың жемісі және барлығы да сөйлеу процесімен тығыз байланысты. Сондықтан ойлау мен сөйлеудің арақатынасы жөніндегі мәселелерде психологиялық зерттеулер маңызды орын алады. Бұл салада психологияның ерекше мән беретіні - сөйлеу процесінің қалай іске асатындығы, сөйлеудің түрлері, оның адам психикасымен байланысы, ұғым мен сөздің, байымдау мен сөйлемнің бірлігі, сөйлеу процесіндегі мидың қызметі, мидың зақымдалуының сөйлеу әрекетіне, сөйлеу мүшелерінің қызметтеріне тигізетін зиянды әсерлері тәрізді мәселелер кеңінен қарастырылады. Бұлар тіл білімі үшін де маңызды. Осы мәселелерді шешуде психология тіл біліміне, тіл білімі психологияға қол ұшын беріп, екі жақты байланысқа, қарым-қатынасқа түседі. Сөйлеу, сөйлесу дыбыс органдарының артикуляциялары арқылы жасалатын дыбыстар тасқыны түрінде іске асып, ауа толқыны арқылы құлаққа естіледі. Сөйлеу әрекеті - физиологиялық күрделі процесс. Оған мидың, жоғары нерв жүйесінің де, сөйлеу органдарының да қатысы бар. Бұл жағынан тіл білімі физиология, физика, медицина ғылымдарымен де байланысты болады. Сөйлеу әрекеті нерв жүйесімен, сөйлеу, есту органдарымен тығыз байланысты. Бұлардың зақымдалуы сөйлеу әрекетіне де зиянды әсерін тигізеді. Олардың афазия (сөйлеудің бұзылуы) мылқаулар, кереңдер тілі жөніндегі ғылыми табыстары - тіл білімі үшін де пайдалы [1,181 б.].

Адамның сөйлеу әрекеттерінің психологиялық құбылыстармен ұштасып жататынына қарап бірсыпыра ғалымдар психологияның ролін сыңар жақ, асыра бағалап келді. Олар тілді - психикалық құбылыс, тіл білімін психологияның бір саласы деп жариялады, сөйтіп тіл мәселелерін зерттеуде психологияға сүйенді. Психология адамның сөйлеу әрекеті мәселесінде ғана тіл білімімен ұштасады. Ал тілде адамдардың психикалық құбылыстары тұрғысынан қарап шешуге болмайтын толып жатқан мәселелер бар. Оның үстіне бұл екі ғылымның ортақ нысанның өзін зерттеудегі көздейтін мақсаты да екі басқа: бірі тілдік материалдардың жәрдемі арқылы психикалық құбылыстардың сырын ашуды, екіншісі психология ғылымының жетістіктеріне сүйене отырып, тілдік құбылыстарды жете түсінуді, айқындауды көздейді.

Тіл білімінде психологизм бағыты XIX ғасырдың орта кездерінен бастап қалыптаса бастады. Оны қалыптастырушылардың ең бастылары қатарына Берлин университетінің профессоры Гейман Штейнтальды жатқызуға болады. Кейініректе Г.Штейнтальдың көзқарасын А.А.Потебня, неміс ғалымдары

В.Вундт, Г.Пауль т.б. қолдады. Г.Штейнтальдың тіл мәселелерін психологияның заң ережелеріне негіздеп шешетін концепциялары оның «Грамматика, логика, психология және бұлардың принциптері мен өзара қарым-қатынастары» (1855), «Психология мен тіл біліміне кіріспе» (1881), «Тілдің шығуы» (1851) т.б. деген еңбектерінде жан-жақты баяндалған. Бұл еңбектерінде Г.Штейнталь тілдің өзіндік сырларын жеке адамның психикалық күйін, сөйлеу әрекетін зерттеу арқылы ашпақ болады, «барлығының негізі - адам психикасы» дейді.

Тіл біліміне натуралистік көзқарасты енгізушілер Дарвин іліміне сүйенсе, психологиялық көзқарасты жақтаушылар XIX ғасырдағы көрнекті психолог Герберт ілімін басшылыққа алады. Лингвистикалық психологизм өкілдері тілдік құбылыстарды жеке адамдардың психикалық ерекшеліктеріне, олардың ой-санасындағы өзгеріс-құбылыстарға тәуелді етеді. Олардың айтуынша, тілдегі заңдылық, ондағы өзгеріс-құбылыс қоғам мүшелеріне, қоғамның дамуына байланысты емес, қоғамнан бөлініп алынған жеке адамға, солардың психикасына, тіліне, ойлау дәрежесіне байланысты, соған тәуелді. Жалпы алғанда, халық тілі, қоғам тілі деген - жалған сөз. Тіл жеке индивидуумдікі. Сондықтан тіл білімінің міндеті - индивидуумның тілін зерттеу. Жеке индивидтердің тілін, психикалық құбылысын зерттеу арқылы тұтас халықтың, ұлттың рухани өмірінің заңдылығын ашуға болады. Психологиялық көзқарастардың бұл түрі тіл білімінде индивидуалистік психологизм деп те аталады. Психологизмнің бұл түрі тілдің қоғамдық мәнін жоққа шығарады.

Психологиялық бағытты ұстанушылар арасында жеке мәселелерге байланысты көптеген қайшы пікірлер бар. Олардың бір тобы индивидуалистік психологизмді басшылыққа алса, екінші бір тобы әлеуметтік психологизмді басшылыққа алады. Индивидуалистік психологизм бағытын ұстанушы Г.Пауль: «Әрбір индивидуумның өзіндік тілі, ол тілдердің әрқайсысының өзіндік тарихы бар дейтін қағида талас туғызбайтыны шындық. Біздер қанша индивидуум болса, сонша тілдің болатындығын ажыратуымыз керек. Ал әлеуметтік психологизм өкілдері индивидуалистердің «ақиқат бар нәрсе - тек индивидуумдар тілі ғана» дейтін қағидаларына қарсы: тіл әлеуметтік, оны туғызушы да, қолданушы да жалпы халық, қоғам дегенді айтады. Әлеуметтік социологизм бағытын негіздеушілердің бірі И.А.Бодуэн де Куртенэ: «Адамзат тілінің мәні тек қана психикалығында. Тілдің өмір сүруі, дамуы таза психикалық заңдармен шарттас» дей келіп: «Тіл тек адам қоғамында ғана бола алатындықтан, біз онда психикалық жақтың барлығымен қатар әлеуметтік сипаттың барлығын да әрқашан естен шығармауымыз керек. Тіл біліміне тек индивидуалдық психология ғана емес, сонымен қатар социология да негіз болады», - деп жазады [2].

Психологиялық көзқарас кейінгі замандарда пайда болған лингвистикалық мектептер тұжырымдамаларынан да ерекше орын алып отырған. Солардың бірі - жас грамматистер мектебі.

Жас грамматистер тілді жеке адамдардың психофизикалық, әрекеттерінің жемісі деп санайды. Бұл - олардың бүкіл концепцияларының негізі. Олар тілдегі өзгеріс-құбылыс атаулының барлығы да индивидуумның психофизикалық құбылыстарына, яғни сөйлеу әрекеттеріне байланысты десе, Ф.де Соссюр концепциясында тіл мен сөйлеу бір-бірімен байланысты, бірақ бір-бірінен өзгешеліктері бар, екі бөлек құбылыс; сөйлеу - тілді қолданудың нәтижесі, ол - индивидуалдық; ал тіл - қоғам мүшелерінің бәрине бірдей дәрежеде міндетті өзара байланысты таңбалардың жүйесі; тіл - әлеуметтік сипатқа ие дейді. «Тіл мен сөйлеуді бөлу арқылы, - деп жазады де Соссюр, -біз әлеуметтік индивидуалдықтан, негізін көмекшіден, кездейсоқтықтан бөлеміз... Сөйлеуде ұжымдық ештеме жоқ, ол түгелімен индивидуалдық» [3, 42, 89 – бб.].

Психологиялық бағыт қазіргі заман тіл білімінде жоқ емес. Оның үлкен бір тармағы осы күнгі Америка лингвистикасынан берік орын алып отыр. 1953 жылы АҚШ-тың Блумингтон қаласында бір топ лингвистер мен психологтардың, этнографтардың университетаралық семинары болды. Екі айға жуық созылған осы семинардың қорытындысы 1954 жылы жеке кітап болып жарияланды. Онда семинарға қатысушылардың бірлесіп қабылдаған теориялық тұжырымдары мен сөйлеу әрекеттерін эксперимент арқылы зерттеудің міндеттері баяндалған. Кітапта психолингвистиканың негізі – информация теориясы, ал оның бірден-бір нысаны сөйлеу әрекеттерінің коммуникативтік сипаты деп көрсетіледі. Америка психолингвистерінің ғылыми тұжырымдамаларының негізгі межесі бойынша тіл білімінің басты міндеті - тілдік сигналдарды кодқа түсіру, сөйлеу, сөйлесу процестерінің қалай болатындығын, сөйлеу, сөйлесу әрекеттерінің сөйлеушілер психикасымен қатынасын, қабылдау, түсіну процестерін зерттеумен шұғылдану дегенді айтады. Интеллектуалды әрекеттің жоғарғы психикалық қызметін атқарушы сөйлеу әрекеті, осы сөйлеу әрекеті мен ойлау процесін жүзеге асырушы құрал ретінде тіл жүйесі XIX–XX ғғ. психологтар мен лингвистердің айрықша назарына ілінген мәселелер болатын. Осы бағытта жүргізілген теориялық, экспериментальды зерттеулер шет тілдерді меңгеру, онтогенездегі адамның сөйлеу қабілетінің қалыптасуы, адамзат қоғамында сөйлеу коммуникациясын жүзеге асырудың тәсілдері бойынша жинақталған гносеологиялық, фактологиялық материалдар негізінде талданады. Осылайша, психолингвистика – адамның сөйлеу әрекетін, сөйлеу коммуникациясы мен индивидуалды сөйлеу әрекетін жүзеге асырудағы ойлау процестерін психологиялық және лингвистикалық аспект тұғысынан зерттейтін ғылым саласы ретінде өткен ғасырдың 50–жылдары екі ғылыми ілімнің, лингвистика мен психология ғылымдарының тоғысуы нәтижесінде пайда болды.

Кеңестік психолингвистикалық мектептердің негізін қалаушы А.А.Леонтьев жаңа ғылым саласының пайда болуын адамзат қоғамының дамуымен, оның ішінде, адамның интеллектуалды әрекеттерінің психикалық табиғатын зерттеудегі ғылыми та-

нымның дамуымен байланыстырады. Өйткені адамның санасы, ойы, қиялы, сезімі т.б. психикалық қасиеттері сөйлесім әрекеті үстінде көрінеді. Мәселен, ойлау психологиялық тұрғыдан әлеуметтік жағдаймен ұштасқан, тілмен тығыз байланысты психикалық процесс, сол арқылы болмыстың, дүниедегі нәрселердің адам санасында жалпы және жанама бейнеленуі болса; сыртқы дүние заттары мен құбылыстардың субъективтік образдарын қайтадан жаңартып, өндеп, бейнелеуде көрінетін, тек адамға ғана тән психикалық процесс – қиял болып табылады. Бұл бейнеленулер адам ойының талдау және біріктіру әрекеттері арқылы айқындалады.

А.А.Залевскаяның: «Ресейлік психолингвистиканың негізі – сөйлесім әрекетінің теориясы екендігі ешкімге дау туғызбайды», – деген пікіріне сүйенсек, сөйлеу әрекеті, осы әрекетті жүзеге асырушы тілдік таңбалар қызметі лингвистика мен психологияның логикалық бірлігін танытатын тілдік құбылыс ретінде психолингвистиканың зерттеу пәні болып табылады. Олай болса, адамзат баласына тән интеллектуалды іс-әрекеттердің ең жоғарғы функцияларының бірі – сөйлеу әрекеті, сол сөйлеу әрекетінің психологиялық мазмұны, құрылымы, оларды жүзеге асырудың әдіс-тәсілдері мен формаларын қарастыру психолингвистиканың маңызды зерттеу пәндерінің бірінен саналады.

Келесі бір психолингвистиканың зерттеу пәні – сөйлеу әрекетін, индивидуалды сөйлеудегі ойлау әрекетін іске асырушы құрылым мен мазмұн ретінде тілдік жүйе, сөйлеу коммуникациясы процесіндегі тілдік таңбалардың қызметі қарастырылса, осы сөйлеу әрекетін жүзеге асырушы тәсіл ретінде адам баласының сөйлеу қабілеті де қарастырылады. Өйткені, сөйлеу – айтылатын сөз, ой-пікірлерді туғызушы және қабылдаушы психофизиологиялық процесс болып табылады.

Кеңес және шетел тіл ғылымында психолингвистиканың көпшілік мақұлдаған белгілі бір нақты тұжырымға негізделген анықтамасы жоқ. Бұған психолингвистиканың әрі кешенді синтетикалық ғылым болуы, екінші жағынан, әлі де болса қалыптасу үстіндегі ғылыми ілімдердің бірінен саналатындығы дәлел болса керек. Дегенмен, көптеген ресейлік ғалымдар қазіргі таңда жалпы мазмұнға ие А.А.Леонтьевтің анықтамасын ұстанғанды жөн санайды: «Психолингвистика пәні – сөйлеу әрекетінің қызметі мен құрылымын, адам әлемінің бейнесін түзуші тілдік жүйемен өзара қатынаста қарастырады» [4, 19 б.].

Ал психолингвистиканың зерттеу нысаны ретінде белгілі бір тіл қолданушы ұжымдық сана және сөйлеу әрекетінің субъектісі ретінде адам баласы, адамзат қоғамындағы сөйлеу коммуникациясын жүзеге асырушы сөйлеу іс-әрекеті, сөйлеуді қалыптастыру процестерін және онтогенездік сипатта тілді меңгеру сияқты мәселелерді кеңінен қарастыруды негізгі меже етеді.

1. Қордабаев Т. Жалпы тіл білімі. – Алматы, 1975.

2. Звегинцев В. Проблемы языка как предмет языкознания. -М., 1964.  
 3. Ф. де Соссюр. Курс общей лингвистики. -М., 1933.  
 4. Леонтьев А.А. Психоллингвистика. -М., 1996.

\*\*\*

В статье рассматриваются психоллингвистические исследования в языкознании.

**Ж. К. Отарбекова**

## ЕТІС ЖҰРНАҚТАРЫ СӨЗ ТУДЫРА МА?

Қазақ тіліндегі грамматикалық категорияларға өте бай, күрделі сөз таптарының бірі – етістік болса, етістік категорияларының ішіндегі семантикалық сипаты жағынан қайшылыққа толы тұлғалардың бірі – етіс жұрнақтары. Оның себебі етіс тұлғаларының сөз тудырушы немесе сөз түрлендіруші қызметі туралы пікірлердің сан алуандығында. Қазақ тіл білімінде етіс тұлғасының қызметі мен мағынасы туралы екіұдай пікір бар. Зерттеушілердің бір тобы етіс тұлғаларын сөзжасам қосымшаларының қатарына жатқызса, енді бір тобы оны етістіктің «лексика-грамматикалық категориясы» деп таниды. 1967 жылғы академиялық грамматикада етіске мынадай сипаттама берілген: «Етіс аффиксі қосылған сөздер аффикстердің санына қарамай, туынды түбір етістіктер құрамына кіреді, сондықтан да бұл категория сөз тудырудың морфологиялық әдісіне жатады /1.168/. Сөйтіп, етіс қосымшалары жалғанған етістік туынды түбір болып саналады да, етіс қосымшалары етістік негізден етістік тудыратын жұрнақ деп аталады. Осы пікірді А. Ысқақов та қолдайды: «Сөйтіп, етіс формаларының бұл ерекшелігінен, біріншіден, басқа жұрнақтар сияқты туынды етістік жасайтын қабілет барлығы және сол етіс жұрнақтары арқылы туған формалар етістік негіздері есебінде қызмет ететіні айқындалады. Ендеше, етіс жұрнақтары сөзден сөз тудыратын жұрнақтармен сипаттас келеді де, лексикалық категорияға жатады /2.228/.

Етістікті арнайы зерттеген ғалым Ы. Маманов етісті «түбір етістіктердің лексикалық мағынасына грамматикалық мағына үстейтін етістік формасын жасайтын модификациялық етістік тұлғалары» ретінде қарайды /3.33/.

Н. Оралбаева «Етіс жұрнақтары түбір етістікке жалғанып, оларға қимылдың иесі, қимылға түсетін объекті туралы мән қосып, түбір етістіктегі лексикалық мағынаның үстіне әр түрлі мағына қосады. Сондықтан олар *етістіктің лексикалық мағынасын түрлендіретін жұрнақтар* болып саналады», - дейді /4.172/. Ал С.Исаев етіс тұлғаларын «етістіктің лексика-грамматикалық категориясы» ретінде қарастырып, етіс жұрнақтарын модификациялық жұрнақтарға жатқызған /5.177/.

Демек, етіс туралы ғалымдардың пікірі екі түрлі: А.Ысқақов, А.Қалыбаева, Н.Оралбаева оны сөзжасамға жатқызса, Ы.Маманов, С. Исаев форма ту

дырушы модификациялық жұрнақ деп тану қажеттігін айтады. Аталған мәселеге қатысты жан-жақты талдауды А. Салқынбайдың еңбектерінен кездестіреміз. «Етіс тұлғасы етістіктің лексика-грамматикалық категориясы ма, әлде сөзжасамдық мағына тудырушы жұрнағы ма деген сұраққа жауап беру үшін оның мағыналық құрылымы мен қызметін айқындау шарт» /6.358/, - дей келе, біріншіден, етіс тұлғасы барлық етістіктерге түгелдей талғамай жалғана бермейтіндігін, екіншіден етіс жұрнақтарының салт етістіктен сабақты, сабақты етістіктен салт етістік жасауының өзі де оның жаңа сөз жасауға бейімділігін айқындайды, үшіншіден, етіс тұлғасының бірінің үстіне екіншісінің жалғана алу қабілетінің болуы оның сөзжасамдық қасиетін көрсетеді, төртіншіден, етістің сөзжасамдық мағынасы бір не бірнеше субъектінің (кейде нысанның да) қимыл-қозғалыспен қарым-қатынасын айқындайды. Мәселен, өздік етіс жұрнағының мағынасы іс-әрекеттің іс істеушінің өзі арқылы ғана орындалатындығын білдіреді» /6.358/. - дей келе, жаңа туынды атауға оның қосары да осы мағына екенін *тара-таран, өт -өтін, кер -керіл* мысалдарымен дәлелдейді.

1. Сөзжасам қосымшасының сөзге талғап, таңдап жалғануы, яғни грамматикалық абстракция жасай алмау сипатына тоқталайық. Етіс тұлғалары барлық етістіктерге талғамай жалғана бермейтіні рас. Ырықсыз етіс пен өздік етіс сабақтыны салтқа айналдырса, өзгелік етіс салт етістікті сабақтыға айналдырады. Демек, бұл құбылыс бүкіл етістікке тән категориялық сипатқа ие құбылыс (шырай тұлғаларының сапалық сын есімдерге жалғанатыны секілді). Яғни етіс тұлғалары объекті мен субъект арасындағы қатынасты білдіреді. Ол қатынас арнайы тұлғалар арқылы берілгенде, етістіктің салт-сабақтылығымен тікелей байланысты грамматикалық құбылыс екендігі көрінеді. Көптік жалғау зат есімнің грамматикалық көрсеткіші дегенмен, оның да барлық зат есімдерге жаппай жалғана бермейтіні белгілі. Сол сияқты, етіс жұрнақтары да салт-сабақты етістіктерді талғап-таңдап жалғануы заңды деуге болады. Дегенмен, етіс жұрнақтары кейбір сөзжасам жұрнақтары секілді бірлі-жарым сөздерге емес, етістіктің басым бөлігіне жалғанатыны белгілі. Зерттеушілердің көрсетуінше, қазақ тілінің 10 томдық түсіндірме сөздігінде етіс тұлғалы етістіктер бүкіл